

Ата Заңым – айбарым, желбіре, көк байрағым!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

30 тамыз жұма

№69 (2079)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Тәуелсіз мемлекеттің даму жолын айқындайтын маңызды құжат – Конституция. Әділетті Қазақстан құру жолында заңның үстемдік етуі маңызды. Мемлекет үшін адам мен оның құқықтары маңызды екенін айқын көрсеткен құжат әрбір азаматтың өз құқық қорғауда, жалпы мемлекет болашағын айқындаудағы маңызды құжат. Конституция күніне орай Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Эльмира Тойлыбековамен сұхбаттасқан едік.



Эльмира Тойлыбекова,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты:

Эльмира Тойлыбекова,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты:

КОНСТИТУЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай салтанатты жиын өтті.

Салтанатты шарада еліміздің көк байрағы төрге әкелініп, мемлекеттік гимн орындалды. Алғашқы Атырау арасындағы ұланғайыр атыраптағы әрбір отандасымыздың құқық қорғап, тәуелсіз еліміздің бет-бейнесіне айналған айбынымызға тоқталған аймақ басшысы Сыр жұртшылығын еліміздің ең басты мемлекеттік мерекесімен құттықтап, Ата заңға құрмет көрсетіп, оны ардақтау – әрбір қазақстандықтың асыл парызы екенін айтты.

– Ата Заңға маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер мемлекет басқару моделін жаңғыртуға бірден бір негіз бола білді. Ата Заңның аясында халқымыздың әл-ауқаты артып, ел экономикасы одан әрі дамыды. «Әділетті Қазақстан» дегеніміз – барлық адамға тең мүмкіндік беру, елдің саяси өміріне белсене араласатын мықты азаматтық қоғамы бартиімді әрі өркеніетті мемлекет құру. Конституция – тәуелсіздік кепілі, әлеуметтің әлеуетін арттыруда берік тұтқасына айналды. Бүгінде егемен елімізбен бірге өмірімізде барлық салалар бойынша нәтижелі істер атқарылууда. Сыр өңірінде соңғы жылдары мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асып келеді, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы сөз кезегінде өңірде атқарылып жатқан ілкімді істерге тоқталды. Жыл басынан бері барлық көзден 296,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл көрсеткіш жарты триллионнан асады деген болжам бар. Осыдан екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге дейін өсті. Ол негізінен аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды. Атап айтқанда, биыл ұзындығы 300 шақырымнан асатын автомобиль жолы жөндеуден өтеді. Бұдан кейін сапалы жолдар үлесі 92 пайыздан артады. Сексеуіл, Төретам



кенттері, Абай, Ақсу, Шәменов, Сейфуллин, Тоқмағанбетов, Алмалы, Досбол датқа, Бестам, Төменарық ауылдарына газ барады.

Жиында Ата заңның айбынын асырып, елімізде заңның сақталуына атсалысып жүрген азаматтар марапат мінберіне шықты. Олардың қатарында сот саласының ардагері Зина Жанбыршаева, ұлттық қауіпсіздік органдары мен Ауған соғысының ардагері Марат Аманқұлов, Қызылорда қаласы

прокурорының орынбасары Ұзақбай Дәуқараев, облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары Ұзақбай Оразгелді және өзгелер облыстың ең жоғары наградаласы – Құрмет грамотасына ие болды. Мұнан бөлек те бірқатар жерлесімізге облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

Салтанатты жиын облыс өнерпаздарының мерекелік концертпен қорытындыланды.

«Ақмешіт-ақпарат»

БІЗ ҚАШАНДА ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН, ЗАҢЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛМІЗ

– Эльмира Орынтайқызы, 30 тамыз – Тәуелсіз мемлекеттің маңызды құжаты – Ата заңымыз қабылданған күн. Бұл туралы қанша айтылып, жазылып жүр десек те, атаулы күні оқырман үшін Ата заң тарихына қысқаша тоқталып өткен жөн болар...

– Кез келген мемлекеттің даму жолын, ұстанымын, құндылығын айқындайтын маңызды құжат – Конституция. Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата заңы 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық республикалық референдумда қабылданғаны белгілі. 2022 жылы бүкілхалықтық референдум өтіп, Ата заңға өзгерістер еніп, Жаңа да Әділетті Қазақстанның даму бағыты мен жоспары айқындала түсті. Маңызды құжатқа енгізілген өзгерістер елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртуға, экономиканы уақыт талабына сай дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер ететіні сөзсіз.

Бүгінде бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, елдіктің бастауы болып саналатын құжаттың қабылданғанына да 29 жыл болды.

Тіпті сонау хандық дәуірдің өзінде халық арнайы заңның айналдыру топтасқан. Қазақ тарихында «Қасым ханның қасқа жолынан» басталып, «Есім ханның ескі жолымен», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сынды заңдар ау бастан-ақ болған. Қазақ хандығының қарыштап дамуына тын серпін беріп, сол кездегі салт-дәстүрлерге, әдеп-ғұрыптарға, көшпелі өмірге байланысты жасалды.

2-БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ҰЛАҒАТ ҰЯСЫ

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін ардақтау маңызды. Отбасы – мемлекетіміздің іргетасы.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қанат жайып, түлеп ұшатын алтын ұясы. Адам бойындағы мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік отбасындағы тәрбиеден бастау алады. «Отан – отбасынан басталады» дегендей Отанды сүю – отбасы қағидасы.

Отбасы жеке құндылықты қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде адам санасына ұлттық құндылыққа деген көзқарасты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, даналық сөзді, тәрбиенің жоғары үлгісін сіңіретін де отбасы.

4-БЕТТЕ



ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

НЕСИЕ АЛЫП ҚИЯР ЕККЕН КӘСІПКЕР

Кейінгі жылдары ауыл тұрғындары жылыжай, егін шаруашылығын дамытуға ден қойып келеді. Былайғы күні де есік алдына бақшасын егіп, несібесін Жер-анадан тапқан ауыл жұртшылығы үшін аграрлық салаға деген мемлекет қолдауы септігін тигізуде. Жемілдетілген несие алып жеке шаруашылығын дамытуды қолға алған шаруаның бірі – қарауылтөбелік Хасен Кененбаев.

4-БЕТТЕ



ӘЖІМБЕТ ҰСТАНЫҢ ҚАРА ДҮКЕНІ



Әңгіме Алаш ұлт-азаттық қозғалысының мүшесі, ағаш ұстасы, зергер, суырып салма айтыс ақыны, қуғын-сүргін құрбаны, болыс, елге белгілі азамат Әжімбет Қарайғыров туралы болмақ.

3-БЕТТЕ

ЕПТІЛІК ПЕН ДӘЛДІК ОЙЫНЫ



Елімізде алғаш рет өткізілетін дүниежүзілік көшпенділер ойындарында жарыс бағдарламасына асық ату енгізілді. Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ату – қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі, көнеден келе жатқан қазақтың бірегей ұлттық ойыны. Асық ату – ептілікті, дәлдікті, стратегиялық ойлауды қажет ететін ойын. Қозғалысты үйлестіруді, зейінді және есте сақтауды дамытады, сонымен қатар топпен жұмыс істеуге және ережелерді сақтауға үйретеді.

4-БЕТТЕ

